



Ахмет Байтұрсынұлы: Газет - халықтың көзі, құлағы һәм тілі

QORJYNTÜBEK JARŞYSY

2022 жылдың 9 шілдеден
бастап шығады

№42/172
18 қазан



Облыстық апталық ақпараттық-жарнамалық газет
www.instagram.com/qorjyntubek_jarsysy



E-mail: priogazeta@mail.ru



ҚҰРМЕТТІ ПРИОЗЕРСК ҚАЛАСЫНЫҢ ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР БӨЛІМІНІҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ ЖӘНЕ АРДАГЕРЛЕРІ!

Сіздерді кәсіби мерекелеріңіз – Құтқарушылар күнімен шын жүректен құттықтаймыз!

Биыл еліміз үшін айрықша мәні бар оқиға – Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің құрылғанына 30 жыл толып отыр. 1995 жылы Мемлекет басшысының Жарлығымен құрылған бұл құрылым бүгінде халықтың қауіпсіздігін қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарып келеді.

Төтенше жағдайлар қызметі – зор жауапкершілікті, жоғары кәсібилік пен шынайы ерлікті талап ететін абыройлы сала. Апат кезінде батыл шешім қабылдап, адамдардың өмірін құтқару – тек нағыз ержүрек жандардың қолынан келетін іс.

Осы орайда, Приозерск қаласының төтенше жағдайлар бөлімі қызметкерлері қауіпті жағдайлардың алдын алу, төтенше жағдай кезінде шұғыл әрекет ету және алғашқы көмек көрсету бағытында жоғары кәсібилік пен жанқиярлық танытып келеді.

Қиындығы мен қатері мол осы жауапты қызметте табандылық пен батылдық көрсетіп, ел игілігі жолында сіңіріп жүрген еңбектеріңіз үшін шынайы алғыс білдіреміз.

Сіздерге және отбасыларыңызға амандық, денсаулық, бейбіт өмір, қажымас қайрат тілейміз. Қызметтеріңіз табысты болып, абыройларыңыз әрдайым асқақтай берсін!

Приозерск қаласының әкімі Ахметов М.Т.

Приозерск қалалық мәслихат төрағасы Исатаев А.Н.

ПРЕЗИДЕНТ БЕКТЕНОВКЕ БІР АПТА УАҚЫТ БЕРДІ

Қазақстан президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Премьер-Министр Олжас Бектеновке жұмыс аптасының соңына дейін үкіметтің экономикалық реформалар бағдарламасын азаматтардың мүддесіне сай жүзеге асыруды оңтайландыру бойынша нақты шаралар жоспарын ұсынуды тапсырды, деп хабарлайды Ақорданың баспасөз қызметі.

Президенттің көмекшісі және баспасөз хатшысы Руслан Желдібай: «Президент Премьер-министр Олжас Бектеновке осы аптаның соңына дейін азаматтардың мүддесін ескере отырып, Үкіметтің экономикалық реформалар бағдарламасын іске асыру үдерісін реттеуге қатысты нақты шаралар әзірлеуді тапсырды. Үкіметке шағын және орта бизнесті қолдауға, инвестициялық ахуалды жақсартуға, сондай-ақ елдегі экономикалық жағдайды тұрақтандыруға бағытталған түзетулер енгізіп, қажетті шешімдер қабылдау міндеті жүктелді. Мемлекет басшысы Үкіметтің экономикалық саясатының негізгі параметрлері Қазақстанның стратегиялық мүддесіне сай келеді, сонымен қатар онда жаһандық конъюнктура мен қазіргі нарықтық үрдістер ескерілген деп санайды», - деп жазды.

Ал БАҚ: «Шағын бизнес пен қымбатшылықтан қажыған халықтың шағымы Ақордаға жеткен тәрізді. Тоқаев Үкіметке апта соңына дейін қазіргі экономикалық реформаның кем-кетігін түзету жоспарын әзірлеуді тапсырды», деп хабарлайды.

Президент бағдарламадағы басымдықты шағын және орта бизнесті қолдауға, халықтың табысын арттыруға бағыттауды міндеттеп отыр.

Мемлекет басшысының айтуынша, экономикалық саясат негізінен ел мүддесі мен жаһандық трендке сай келеді. Дегенмен бағдарламаның нақты орындалуын шағын бизнесті көтермелеуге, инвестициялық ахуалды жақсартуға және жалпы экономиканы сауықтыруға бейімдеу керек.

Abai.kz

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ МӘЖІЛІС ТӨРАҒАСЫ ЕРЛАН ҚОШАНОВТЫ ҚАБЫЛДАДЫ

Президентке Палата қызметі туралы ақпарат берілді. Ерлан Қошанов депутаттар жұмыс барысында Президент Жолдауы мен ел дамуы бойынша берген тапсырмаларды заңнамалық тұрғыда уақтылы әрі сапалы қамтамасыз етуге ерекше мән беретінін баяндады.

Бүгінде 15 заң қабылданып, Сенатқа жолданды. Мәжіліс қарауында 77 заң жобасы бар. Жыл соңына дейін Құрылыс, Цифрлық кодекстер мен «Банк қызметі туралы» Заңды қабылдау жоспарланып отыр. Сондай-ақ сайлау, тұтынушылардың құқығын қорғау, құқық бұзушылықтың алдын алу секілді заң жобаларына қатысты жұмыс жүргізілуде. Депутаттар жергілікті мемлекеттік және өзін-өзі басқару туралы заңнамаға түзетулер енгізуге, сондай-ақ креативті индустрия, ғылыми зерттеу аумақтарын дамыту, тарихи-мәдени мұра нысандарын қорғау, бағбандық шаруашылық серіктестіктерді мемлекеттік қолдау бойынша заң жобаларына бастамашы болды.

Заң шығару жұмысы жұртшылықтың, сарапшылардың және БАҚ өкілдерінің қатысуымен ашық жүргізілуде. Барлық саяси партиялардың фракциялары өз электоратының сұранысына сәйкес ұсыныстарын белсенді түрде енгізіп жатыр. Маңызды заң жобалары Қоғамдық палатаның отырыстарында қаралады.

Мәжіліс Төрағасының айтуынша, депутаттар Мемлекет басшысының Жасанды интеллектіге қатысты бастамаларын іске асыруға белсенді атсалысып келеді. Қыркүйек айының соңында Мәжіліс «Жасанды интеллект туралы» Заң қабылдап, Сенатқа жолдады. Сонымен қатар қазақстандық және шетелдік сарапшылардың қатысуымен парламенттік тыңдау өткізілді.

Депутаттардың және Энергетика министрлігінің бастамасымен Ақтауда мұнай-газ саласындағы машина жасау ісін дамыту форумы өтті. Мұнай-газ секторындағы сатып алуларда қазақстандық үлесті жүйелі түрде арттыру жайлы шешім қабылданды. Депутаттар мұны ұдайы бақылауда ұстайды.

Ерлан Қошанов парламенттік дипломатия аясында атқарылған жұмыс жайында мәлімет берді. Елімізге Моңғолия Ұлы Мемлекеттік Хуралының және Мажарстан Мемлекеттік жиналысының төрағалары ресми сапармен келді. Көптеген елдің парламенттерімен достық топтары белсене қызмет атқаруда, заң шығару саласында тәжірибе алмасу жолға қойылған және мемлекетаралық жобаларды қолдау бойынша жұмыс жүргізілуде. Депутаттар ҰҚШҰ Парламенттік Ассамблеясы, ТүркПА, ТМД Парламентаралық ассамблеясы және басқа да көпжақты ұйымдар аясында табысты қызмет атқарып келеді.

akorda.kz



ПРИОЗЕРСК ҚАЛАСЫНДА ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР МИНИСТРЛІГІНІҢ 30 ЖЫЛДЫҒЫ АТАП ӨТІЛДІ

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің 30 жылдығына арналған салтанатты концерт өтті.

Іс-шараға қала әкімі Ахметов Мансұр Талғатұлы, қалалық мәслихат төрағасы Исатаев Алтай Нәсіпбекұлы, «Аманат» партиясының қалалық филиалының төрағасы Дюсембаев Дулат Орынбасарұлы, Төтенше жағдайлар бөлімінің бастығы Сағаттаев Дамир Нұрланұлы, ардагерлер мен құтқару саласының қызметкерлері қатысты.

Салтанатты жиында төтенше жағдайлар саласында елеулі еңбек еткен бірқатар қызметкерлер мен қала тұрғындары құрмет грамоталары және алғыс хаттармен марапатталды. Сондай-ақ министрліктің 30 жылдығына орай ұйымдастырылған волейбол турнирінің жеңімпаздарына арнайы кубоктар мен қаржылай сертификаттар табысталды.

Кеш барысында көрермендерге қалалық өнерпаздардың қатысуымен әсерлі әндер мен би нөмірлері ұсынылды. Шара соңында ТЖ бөлімінің қызметкерлері орындаған «Мен қазақтың» әні ерекше патриоттық рух сыйлады.

Төтенше жағдайлар қызметінің батыр азаматтарына алғыс!

30 жыл – қауіпсіздік пен адал қызметтің айғағы!

www.facebook.com/priozersk.akimdigi

В ПРИОЗЕРСКЕ ОТПРАЗДНОВАЛИ 30-ЛЕТИЕ МИНИСТЕРСТВА ПО ЧРЕЗВЫЧАЙНЫМ СИТУАЦИЯМ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Состоялся торжественный концерт, посвященный 30-летию Министерства по чрезвычайным ситуациям Республики Казахстан.

В мероприятии приняли участие аким города Ахметов Мансур Талгатович, председатель городского маслихата Исатаев Алтай Насипбекович, председатель городского филиала партии «Аманат» Дюсембаев Дулат Орынбасарович, начальник городского отдела по чрезвычайным ситуациям Сағаттаев Дамир Нурланович, а также ветераны и сотрудники спасательной службы.

Во время церемонии отличившиеся сотрудники и жители города, внесшие вклад в развитие сферы гражданской защиты, были награждены почетными грамотами и благодарственными письмами. Кроме того, победителям волейбольного турнира, приуроченного к юбилею министерства, были вручены специальные кубки и денежные сертификаты.

В концертной программе зрителям были представлены яркие песенные и танцевальные номера в исполнении городских артистов. Завершилось мероприятие исполнением песни «Мен қазақпын» сотрудниками отдела по чрезвычайным ситуациям, что придало празднику особый патриотический настрой.

Благодарность героям службы по чрезвычайным ситуациям!

30 лет — символ безопасности, мужества и преданности делу!

facebook.com/priozersk.akimdigi



«ЖҰМЫСШЫ БОЛСАҢ – ЖҰЛДЫЗСЫҢ!» ҚАЛАЛЫҚ ЖАЙДАРМАН ОЙЫНЫ ӨТТІ!



Республика күніне орай ерекше форматтағы көңілді кеш – «Жұмысшы болсаң – жұлдызсың!» атты қалалық Жайдарман ойыны ұйымдастырылды. Шара барысында көрермендерге көтеріңкі көңіл-күй, тапқыр әзіл мен жастық жігер сыйлаған 5 команда өнер көрсетті:

1. №1 жалпы білім беретін мектебінің «Эврика» командасы
2. №2 жалпы білім беретін мектебінің «5G» командасы
3. 44841 әскери бөлімінің «Жұлдызды жастар» командасы
4. №15 өрт сөндіру бөлімінің «Жалын» командасы
5. 06708 әскери бөлімінің «Примерно дедім ғой» командасы

Ойын «Сәлемдесу» және «Үй жұмысы» кезеңдерінен тұрды.

Қазылар алқасы құрамында қаламыздың мәдениет, білім және жастар саласының өкілдері әділ бағаларын берді.



НӘТИЖЕСІ:

I орын – №15 өрт сөндіру бөлімінің «Жалын» командасы (200 000 теңге)

II орын – 06708 әскери бөлімінің «Примерно дедім ғой» командасы (150 000 теңге)

III орын – №2 жалпы білім беретін мектебінің «5G» командасы (100 000 теңге)

Қатысушыларды қала әкімінің орынбасары Ұлан Алмас құттықтады.

Кеш соңында ұйымдастырушылар:

«Жұмысшы болу – зор абырой, ал әзіл – қуат көзі!» деген жылы лебіздерін білдіріп, қатысушыларға шығармашылық табыс тіледі.

facebook.com/priozersk.akimdigi

МАНСҰР АХМЕТОВ: ПРИОЗЕРСК ҚАРҚЫНДЫ ДАМЫП КЕЛЕДІ

Балқаш көлінің жағасын жайлаған Приозерск қаласы бүгінде жаңғыру мен жасампаздық жолына түскен. 1956 жылы негізі қаланған бұл қала – кезінде күллі Кеңес Одағына мәлім болған, зымыранға қарсы қорғаныс жүйелері сыналған атақты «Сарышаған» ғылыми-зерттеу полигонының әкімшілік орталығы еді. Қорғаныс саласында елеулі қызмет атқарып, Тәуелсіз Қазақстанның тұғырының нық болуына өз үлесін қосқан қаланың өткені – мақтаныш, бүгіні – даму, ертеңі – үміт пен серпінге толы. Қазіргі таңда шағын шаһарда әлеуметтік-экономикалық өрлеу айқын байқалады. Қала халқының тұрмыс сапасын жақсарту, инфрақұрылымды дамыту бағытында бірқатар игі бастамалар қолға алынған.

Осы және өзге де өзекті мәселелер жайында, қаланың бүгінгі тыныс-тіршілігі мен келешек жоспарлары туралы Приозерск қаласының әкімі Мансұр Ахметовпен сұхбаттасқан едік. Сурет автордан

– *Мансұр Талғатұлы, алдымен қаланың жалпы әлеуметтік-экономикалық ахуалына тоқталып өтсеңіз.*

– Биылғы жыл Приозерск үшін даму мен жаңғыру кезеңі болды деуге толық негіз бар. Жүйелі жоспар мен мақсатты жұмыстың арқасында қаламыздың экономикалық көрсеткіштері оң динамикаға қол жеткізді. 9 айдың ішінде қалалық бюджетке 1 миллиард теңгеден астам салық пен міндетті төлемдер түсті. Бұл – өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 145 пайызға артық. Бұл даму көрсеткішінің жақсарғандығын көрсетеді.

– *Өнеркәсіп пен сауда салаларының қазіргі даму барысы қалай?*

– Бұл бағыттарда да оң өзгерістер бар. Өнеркәсіп өндірісінің көлемі 25,6 миллиард теңгеге жетіп, былтырғы жылмен салыстырғанда 137 пайыздық өсім көрсетті. Бұл – қала экономикасының нақты секторындағы серпінді дамудың көрінісі. Сауда саласына келсек, бөлшек сауда көлемі 2 миллиард 235 миллион теңгені құрап, 110 пайызға артты. Бұл – жергілікті кәсіпкерлердің белсенділігі мен халықтың тұтынушылық қабілетінің артқанын аңғартады.

– *Агроөнеркәсіп пен инвестициялық ахуал туралы не айтасыз?*

– Ауыл шаруашылығы саласында біраз күрделі жағдайлар бар екенін жасырмаймын. Өнімнің нақты көлем индексі 96 пайызды құрады. Қуаңшылық пен ауа райының қолайсыздығы да әсерін тигізді. Инвестициялық белсенділікке келсек, бұл тұста біраз баяулау байқалады. Биылғы 9 айда қалаға тартылған инвестиция көлемі 1 миллиард 815 миллион теңгені құрап, өткен жылмен салыстырғанда 81 пайызға төмендеді. Бұған басты себеп – «Алматы-Астана» республикалық автотжолының құрылыс жұмыстарының аяқталуы. Яғни, ірі инвестициялық



жобаның бітуі инвестиция ағынына әсер етті. – Құрылыс саласындағы көрсеткіштер де төмендеген екен.

– *Бұл қаланың дамуына кері әсер етпей ме?*

– Иә, құрылыс көлемі 2 миллиард 671 миллион теңгені құрап, өткен жылғы көрсеткіштерден төмен болды. Алайда, бұл – уақытша құбылыс. Бұл да жоғарыда айтқан жол құрылысының аяқталуымен байланысты. Енді, алдағы кезеңде жаңа жобаларды жүзеге асыруға ниеттіміз. Құрылыс – бұл тек ғимараттар салу ғана емес, ол – жаңа жұмыс орындары, инфрақұрылымның дамуы, демек, қаланың болашағы. Осы орайда атқарылар жұмыстар жоспарланып отыр.

– *Инфляциямен күрес – бүгінгі күннің өзекті мәселесі. Бұл бағытта қандай жұмыстар атқарылып жатыр?*

– Халықтың тұрмысына тікелей әсер ететін бағаның өсуіне жол бермеу – біздің басты міндеттеріміздің бірі. Осы мақсатта әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасын тұрақтандыру үшін 42 меморандум жасалды. Сонымен қатар, 3 миллион теңге көлемінде субсидия бөлініп, әлеуметтік азық-түлік жеткізу ісі жолға қойылды. Нарықтағы баға саясатына қарсы да нақты шаралар қолданылуда. Мемлекет басшысыатап өткен баға тұрақтылығын елемегендерге іс-шара қолданылуда. 17 дүкеннің баға көтергені анықталып, олардың үшеуіне айыппұл салынды. Бұл бағыттағы бақылау тұрақты түрде жүргізіледі.

– *Мемлекет басшысы тарапынан тапсырма берілді. Жер мәселесі әрқашан назарға алынып отыр. Бұл салада қандай жұмыстар атқарылды?*

– Жер – ел игілігі. Сондықтан, жер телімдерін тиімді әрі заңды пайдалану – басты басымдықтың бірі. Жыл басынан бері үш аукцион өткізіліп, нәтижесінде 44,5 миллион теңгеге 6 жер учаскесі сатылды. Сонымен қатар, 3 жылдан астам уақыт пайдаланылмаған 17 жер телімі анықталды. Олардың 8-і мемлекет меншігіне қайтарылды. Қалғандары бойынша құқықтық жұмыстар жал-

ғасып жатыр. Жер мәселесінде ашықтық пен әділетті ұстаным басым тұрады.

– *Халықты баспанамен қамту бағытында қандай нәтижелер бар?*

– Биылғы жылы бюджет есебінен 20 пәтер сатып алынып, әлеуметтік осал топқа жататын 20 отбасы қоныс тойын тойламақ. Бұл – мемлекет тарапынан көрсетілген нақты көмек. Қазір тұрғын үй кезегінде 320 азамат тұр. Алдағы уақытта бұл мәселені шешу үшін жаңа жобалар мен қаржыландыру тетіктерін қарастырып жатырмыз.

– *Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы өзгерістер қандай?*

– Қаланың көркі мен жайлылығы инфрақұрылымның жағдайына тікелей байланысты. Көпқабатты үйлердің шатырлары мен сыртқы қасбеттері жөнделіп, көшелер жарықтандырылды. Жылу жүйелері мен инженерлік желілерге қатысты да кешенді жұмыстар атқарылды. Б. Момышұлы көшесіндегі 12/2 үйіне күрделі жөндеу жұмыстары басталды. Алайда, мердігер ұйымның жұмысты уақытында аяқтамауына байланысты сотқа жүгінуге мәжбүр болдық. Біз үшін сапа мен жауапкершілік – басты талап деп айта аламын.

– *Қаланың инженерлік инфрақұрылымы мен көше жөндеу жұмыстарына кеңірек тоқталып өтсеңіз...*

– Жыл бойы жол-көлік инфрақұрылымын жақсартуға басымдық берілді. Ғарышкерлер, Жеңіс бульвары мен Кисунько көшелерінде тротуарлар салынды. Гвардейская көшесінде ұзындығы 2,2 шақырым жолға орташа жөндеу жұмыстары жүргізіліп жатыр. Бұл жоба 2026 жылдың мамырында аяқталады деп күтілуде. Сонымен қатар, жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында 50 жол белгісі, 35 м жасанды кедергілер орнатылып, 21 шақырым жол сызықтары жаңартылды. Жалпы, жол сапасын жақсарту арқылы тек көлік жүргізушілеріне емес, жаяу жүргіншілерге де қолайлы жағдай жасауды көздеп отырмыз. Қала көшелері мен қоғамдық орындардың жарықтандырылуына қатысты жұмыстар да жүзеге асырылуда. Бұл

бағытта да ауқымды жұмыс жүргізілді. 42 жаңа көшеге жарық шамы орнатылып, Балқаш көшесі мен «Шағала» жағажайындағы электр желілері жаңартылды. Бұл – тұрғындардың түнгі уақытта қауіпсіз қозғалысын қамтамасыз етуге бағытталған нақты қадам. Қала бойынша 6 балалар ойын алаңына күрделі жөндеу жасалды. Ойын алаңдарын тек жөндеп қоюмен шектелмей, оларды ағымдағы күтіммен қамтамасыз ету де қолға алынды. Сонымен қатар, әлеуметтік маңызы бар ғимараттардың да жағдайы жақсартылды.

– *Әлеуметтік қорғау, білім және денсаулық сақтау салаларында қандай өзгерістер бар?*

– Әлеуметтік қолдауға ерекше назар аударылуда. Биыл осал топтарға 205 миллион теңге көлемінде көмек көрсетілді. 170 мүмкіндігі шектеулі азамат арнайы құралдармен қамтамасыз етілді. Білім беру саласында қауіпсіздік – басты назарда. Мектептерге генераторлар орнатылып, бейнебақылау жүйелері жаңартылды. Өкінішке қарай, денсаулық сақтау саласында алаңдатырлық жағдай бар – туу көрсеткіші төмендесе, өлім көрсеткіші артқан. Нәресте өлімі де тіркеліп отыр. Бұл – күрделі әрі маңызды мәселе. Денсаулық сақтау мекемелерімен бірлесіп, жан-жақты талдау жасап, нақты шаралар қабылдауымыз қажет.

– *Мәдениет пен спорт саласында қандай жетістіктерге қол жеткізілді?*

– Қалада 2 мәдениет ошағы – кітапхана мен мәдениет үйі тұрақты жұмыс істеп тұр. Жыл басынан бері 70-тен астам мәдени шара ұйымдастырылып, 35 мыңға жуық тұрғын қамтылды. Бұл – рухани дамудың бір көрінісі. Спорт саласы да қарқынды дамып келеді. Қазірдің өзінде 4 мыңнан астам қала тұрғыны тұрақты түрде спортпен айналысуда. Қаламыздың спортшылары түрлі жарыстарда 22 медаль жеңіп алып, абыройымызды асқақтатты.

– *Ішкі саясат пен жастарды қолдау салаларындағы жұмыстар жайлы не айтасыз?*

– Ел Президентінің Жолдауын жүзеге асыру бағытында 250-ден астам іс-шара өткізілді. Қаламызда қоғамдық-саяси ахуал тұрақты. Жастар – болашақ тірегі. Оларды қолдау мақсатында 265 жас маман жұмыс іздеп өтініш білдірсе, соның 201-і жұмысқа орналасты. Сонымен қатар, 6 жас кәсіпкер әкім грантын ұтып алып, жалпы сомасы 12 миллион теңгеге өз кәсібін бастады. Бұл – жастардың өз армандарын жүзеге асыруына берілген нақты мүмкіндік.

– *Уақытыңызды бөліп, сауалдарымызға жан-жақты жауап бергеніңізге рақмет!*

Сұхбаттасқан Нұрғос КӘРІМ
«*Ortalyq Qazaqstan*»

МӘДЕНИЕТ МАЙТАЛМАНЫНЫҢ МЕРЕЙЛІ СӘТІ

Кітапхана — рухани байлықтың, білім мен мәдениеттің ордасы. Ал сол киелі орданың тынысын үйлестіріп, қызметін жүйелі жүргізіп отырған жан — әдіскер. Әдіскердің еңбегі көзге көрінбегенімен, кітапхана ісінің дамуына қосқан үлесі өлшеусіз.

1964 жылы 18 қазанда Жамбыл облысы, Шу ауданы Қосқұдық ауылында дүниеге келген Козыгельдиева Шолпан Умирзаковна 1970 жылы Жамбыл облысы, Шу ауданы, Алға совхозының Амангелді атындағы мектепке қабылданып, 1979 жылы аталмыш мектепті тәмәмдап шығады. 1979 жылы Жамбыл мәдени-ағарту училищесіне түсіп, 1982 жылы кітапханашы мамандығын алады.

Еңбек жолы 1984 жылы Шу қаласындағы №6 кітапханадан бастау алды. Жұмыстың алғашқы күндерінен бастап Шолпан Умирзаковна өзін келешегінен үміт күттіретін, кітапхана ісінің теориясы мен әдіс-төмесін жақсы білетін маман, бас-тамашыл, көпшіл және құзыретті, әр

кітапханашымен тіл табыса алатын, жауапты қызметкер ретінде танытты. Кітапханашы мамандығына тез икемделеді. Кейін отбасы жағдайына байланысты Приозерск қаласына қоныс аударып 2003 жылы абонемент одан кейін кітап қорын өңдеу және толықтыру бөліміне ауыстырылып, 2016 жылдан бастап кітапхана әдіскері болып жұмысы жасайды.

Өмірде жүрек қалауымен таңдаған мамандығын өмір бойы сүйіп өтетін жандар болса, сондай жандардың бірі — Шолпан Умирзаковна. Ол кісі қай қызметте болсын өте іскер, қайратты, тәжірбиесі мол, білімді маман ретінде өзін көрсете біледі. Шолпан апай өзінің тамаша қасиеттерімен жарқын істердің үнемі ұйытқысы болып, бар білімін, күш-жігерін халқымыздың мәдениетін, руханиятын дамытуға жұмсап, жалынды ұйымдастырушысы бола білді.

Нәтижелі жұмысының еңбегі бағаланып 2018 жылы ҚР Ұлттық кітапхананың «Кітапхана ісінің үзді-

гі» төсбелгісі және қоғамдық жұмыстарға белсене атсалысқаны, еліміздің өркендеуіне өзіндік үлес қосқаны үшін бірнеше рет бағалы сыйлықтармен, облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының, қалалық құрмет грамотасы, мақтау қағазы, алғыс хаттармен марапатталды.

2004 жылдан бастап «Аманат» партиясының белді мүшесі. Осының барлығы да білікті адамгершілік қасиетінің, ұйымдастырушылық қабілетінің жемісі екені даусыз.

Соңғы тоғыз жылдан бері «Приозерск қалалық кітапханасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде әдіскер болып жұмыс істеп келеді. Әдіскер ретінде ол әріптестерін кітап оқу мен кітапты қолдауға арналған қызықты іс-шараларға бағыттап келеді.

«Алдымен ана бол, қолыңнан келсе дана бол» демекші бір ұл, бір қыз тәрбиелеп, жұмыстан қол үзбестен еңбек етті. Бар ғұмырын кітапхана саласына арнады.

Бүгінгі күні зейнеркерлікке шыққан Шолпан Умирзаковна өзінің мамандығын ең беделді мамандықтарының бірі, ал кітапхана ісін мәңгілік деп санайды.

Бұл — еңбектің жемісін теріп, өмірдің жаңа тынысын бастайтын жауапты әрі құрметті кезең.

Құрметті: Шолпан Умирзаковна! Кітапхана саласына сіңірген көп жылғы еңбегіңізге зор алғыс білдіреміз. Сіздің ақыл-парасатыңыз, кәсіби біліктілігіңіз бен кең пейіліңіз әріптестеріңізге әрдайым өнеге болды.

Зейнет жасыңыз құтты болсын!

Ұжымымыз Сізді руханият әлеміне қалтқысыз қызмет еткен, парасат пен мәдениеттің жарқын өкілі ретінде құрметтейді. Алдағы өмір жолыңызда зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, отбасы шаттығын және жаңа табыстар тілейміз.

Еңбегіңіз еленіп, абыройыңыз асқақтай берсін!

Кітапхана ұжымы атынан

ҚОРЫТЫНДЫ ТЕКСЕРІС



«Жауынгер — әскери өмірде шыңдалады» - демекші, егеменді еліміздің Қарулы Күштерінің әскери қызметшілері әр жылға белгіленген оқу жылында жауынгерлік даярлықтарын арттырып, Отан қорғау жолындағы қызметте өздерінің әскери біліктіліктерін шебер меңгеріп келе жатқандығына жоғары баға беруге тиіспіз.

Бұл күндері 44841 әскери бөлімі 2025 оқу жылының қорытынды сабақтары өтуде.

44841 әскери бөліміндегі оқу жылын қорытындылауды осы бөлімнен құралған офицерлер және бөлім командирі полковник Савельев Дидар Шаймуратович қорытынды сабақтарына баға беруді өз бақылауына алған.

Оқу жылының қорытынды сабақтарына әскери бөлімдердегі жеке құрам түгел қатысады. Сабақ қорытындысын шығару барысында әрбір әскери қызметшінің жауынгер-

лік даярлықтағы ептілігіне, оқу жылында меңгерген біліміне және шеберлік әдіс тәсіліне баға беріледі.

Сонымен қатар, жеке құрамның әскери техниканы жетік меңгеру және жауынгерлік даярлықты жетілдірудегі дене бітімін шыңдауды да бағалау бар екенін еске саламыз.

44841 әскери бөліміндегі оқу жылын қорытындылауды осы бөлімнен құралған офицерлер мен келісім шарт қызметкерлері өздеріне бағынысты жеке құрамға өз тараптарынан көмек қолын созды.

Ендеше, қатардағы сап түзеген барлық әскери қызметшілерге оқу жылының қорытынды сабақтарын табысты аяқтап, жоғары көрсеткіштегі бағаларға қол жеткізулеріне тілектестік білдіреміз!

*Приозерск гарнизонының
баспасөз хатшысы
Думан Жұмаиы*

БАТЫР ТУСА – ЕЛ ЫРЫСЫ.

2025 жылы қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі, ақын, жазушы, қоғам қайраткері Әбу Сәрсенбаевтың туғанына 120 жыл толып отыр. Бұл мерейтой — қазақ поэзиясының өрісін кеңейткен, туған жер мен ел тағдырын жырлаған қаламгер еңбегіне тағзым ететін ерекше кезең.

Әбу Сәрсенбаев 1905 жылы 15 қазанда Атырау облысы, Құрманғазы ауданы, Ботақан ауылында дүниеге келген. Білім мен еңбектің қадірін жастайынан түсінген ол Астрахандағы кеңес-партия мектебін және Алматыдағы жоғары коммунистік ауыл шаруашылық мектебін бітірген. Еңбек жолын журналистикадан бастаған қаламгер «Темір жолшы» газетінің редакторы, Қазақ мемлекеттік баспасының директоры қызметтерін атқарды. 1942–1947 жылдары Ұлы Отан соғысына қатысып, ел қорғаған ерлердің қатарында болды. Соғыстан кейінгі жылдары да әдебиет пен мәдениетті дамыту ісіне белсене араласты.

Әбу Сәрсенбаев — поэзия, проза және драматургия жанрларында еңбек еткен әмбебап қаламгер. Оның шығармаларының негізгі өзегі — адамгершілік, ерлік, Отанға сүйіспеншілік және еңбек тақырыбы. Белгілі туындылары: «Жүрек сыйы» (1938), «Ант» (1939) — ерлік пен намыс жыры; «Ақша бұлт», «Махаббат жыры», «Туған өлке» — туған жерге деген сағыныш пен сүйіспеншіліктің көрінісі; «Толқын-да туғандар» романы мен «Теңіз әуендері» шығармасы — еңбек адамдарының бейнесін сомдаған туындылар.

Сондай-ақ, «Сен құрметте оны»

өлеңі соғыс майданындағы батыр ерлерге арналған мәңгілік патриоттық үндеу болып қалды. Соғыс жылдарындағы өлеңдері мен поэмалары - майдан шындығы мен жауынгер ерлігін суреттейтін шынайы туындылар. Ол өз көзімен көрген соғыс зұлматы мен ерлер ерлігін жырға қосты. Сол себепті Әбу Сәрсенбаев поэзиясында намыс, рух және елдік сезім айқын сезіледі.

Қалалық кітапханада 2025 жылдың 14 қазан күні жазушы, ақын Әбу Сәрсенбаевтың туғанына 120 жыл толуына орай «Батыр туса – ел ырысы» атты портрет кеші өткізілді. Мақсаты: қазақтың көрнекті ақыны, жауынгер жазушы Әбу Сәрсенбаевтың өмірі мен шығармашылық жолын насихаттау, оның елге, ұлтқа сіңірген еңбегін жастарға үлгі ету және патриоттық рухта тәрбиелеу, батырлық пен ерлікке баулу. Іс шараға №1 мектеп оқушылары қатысты. Кеш барысында ақынның өмір жолы мен шығармашылығына арналған кітап көрмесі ұсынылды. Оқушылар Әбу Сәрсенбаевтың өлеңдерін оқып, оның соғыс жылдарындағы ерлігі мен әдеби мұрасы туралы ой бөлісті.

Әбу Сәрсенбаевтың шығармалары - ұлттық рух пен отаншылдықтың, адалдық пен еңбектің көрінісі. Ол артына мол әдеби мұра қалдырды және «Қазақстанның халық жазушысы» атағына лайық тұлға ретінде ел есінде қалды.

*«Приозерск қалалық кітапханасы» к.м.м. оқу бөлімінің
кітапханашысы Болысбек Ұ.О.*

Электрондық почта: priogazeta@mail.ru

Таралымы: 500 дана

Жарнама бөлімі: +7-707-345-79-35

QORJYNTÜBEK JARŞYSY

Меншік иесі: «ИП Исатай М.А.»
Бас редактор: Исатай М.А.
Техникалық редактор: Исатай М.А.
Редакция мекен-жайы: Қарағанды облысы, Приозерск қаласы, 101100, Жеңіс Бульвары, 38а, 5.
Газет Қарағанды қаласы, Сәтпаев көшесі 15, «Арқо» ЖШС-де басылды.
Тапсырыс №42/172, Таралымы: 500 дана, пішімі: А3

Анықтама телефондары: +7-707-345-79-35
Жарнама бойынша: +7-707-345-79-35
Электрондық почта: priogazeta@mail.ru

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркеуден өтіп, 2022 жылғы 27 маусымда №86VPY00051152 куәлігі берілді.

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді. Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. Суреттер интернеттен және архивтардан алынды. Фотосуреттер мен қолжазбалар қайтарылмайды. Газет әр аптаның сенбі күні шығады. Балаларға тыйым салынған.